

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу жағдайында "Байқоңыр" ғарыш айлағының персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 қарашадағы N 1832 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу жағдайында "Байқоңыр" ғарыш айлағының персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Жақсылық Акмырзаұлы Досқалиевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу жағдайында "Байқоңыр" ғарыш айлағының персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу жағдайында "Байқоңыр" кешененің персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық қызмет көрсетудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы N 1237 қаулысының күші жоғылды

д е п т а н ы л с ы н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан*

*Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*K. Мәсімов*

*Қазақстан*

*Республикасы*

*Үкіметінің*

*2009*

*жылғы*

*13*

*қарашадағы*

*N*

*1832*

*қаулысымен*

*мақұлданған*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының**

**Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін**

# **жалға алу жағдайында Байқоңыр ғарыш айлағының персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей  
Федерациясының Үкіметі,

1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы  
арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі қағидаттары мен  
шарттары туралы келісімді, 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан  
Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр"  
кешенін жалға беру шартын, 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы  
мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мэртебесі, оның  
атқарушылық билік ету органдарын қалыптастыру тәртібі мен мэртебесі туралы  
келісімді, 2004 жылғы 9 қантардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы  
арасындағы "Байқоңыр" кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты  
дамыту туралы келісімді негізге ала отырып,

тиімді медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету саласындағы өзара  
іс-қимылды одан әрі дамытуды және жетілдіруді қамтамасыз етуге ниет білдіре отырып  
,

төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Осы Келісімді іске асыру мақсатында мыналар Тараптардың уәкілетті органдары  
болып табылады:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;  
Ресей тарапынан - Федералдық медициналық-биологиялық агенттік.

## **2-бап**

Денсаулық сақтау ұйымдарын қаржыландыру:  
Қазақстан тарапынан - Төретам және Ақай кенттерінің денсаулық сақтау  
ұйымдарына қатысты қатысты;

Ресей тарапынан - "Байқоңыр" кешенінің аумағында орналасқан денсаулық сақтау  
ұйымдарына қатысты жүзеге асырылады.

## **3-бап**

"Байқоңыр" ғарыш айлағының персоналына және Байқоңыр қаласының  
турғындарына медициналық көмек көрсетуді, "Байқоңыр" ғарыш айлағы мен Байқоңыр

қаласындағы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қадағалауды және санитарлық-эпидемияға қарсы (алдын алу) іс-шараларды Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес Ресей тарапының уәкілетті органы, федералдық денсаулық сақтау ұйымдары мен олардың бөлімшелері жүзеге асырады.

Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық көмек көрсетуді Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Келісімге сәйкес Қызылорда облыстық Денсаулық сақтау басқармасының денсаулық сақтау ұйымдары жүзеге асырады.

Көрсетілген кенттерде санитарлық-эпидемияға қарсы (алдын алу) іс-шараларды Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің ұйымдары жүзеге асырады.

#### **4-бап**

1. Ресей Федерациясының азаматтарына ("Байқоңыр" кешенінің Ресейлік ұйымдарында жұмыс істейтін азаматтар, оның ішінде "Байқоңыр" ғарыш айлағының персоналы және ғарыш айлағы персоналының отбасы мүшелері, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің жұмыс істемейтін тұрғындары, "Байқоңыр" кешенінің, Төретам және Ақай кенттерінің аумағында уақытша тұратын азаматтар), сондай-ақ "Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының азаматтарына медициналық көмекті Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес Ресей тарапының уәкілетті органы, федералдық денсаулық сақтау ұйымдары мен олардың бөлімшелері көрсетеді.

2. "Байқоңыр" кешенінің Қазақстан Республикасының ұйымдарында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының азаматтарына, Байқоңыр саласының жұмыс істемейтін тұрғындарына, "Байқоңыр" кешенінің аумағында уақытша тұратын азаматтарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұйымдарында жұмыс істейтін Ресей Федерациясының азаматтарына медициналық көмекті Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес Ресей тарапының уәкілетті органы, федералдық денсаулық сақтау ұйымдары мен олардың бөлімшелері көрсетеді.

Осы тармақта көзделген көрсетілетін медициналық қызметтерге ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде Қазақстан Республикасының бюджет қаржаты есебінен жүргізді.

3. Төретам және Ақай кенттерінде тұратын "Байқоңыр" кешенінің Ресейлік ұйымдарында жұмыс істемейтін Қазақстан Республикасының азаматтарына, Төретам және Ақай кенттерінің аумақтарында уақытша тұратын азаматтарға Төретам және Ақай кенттерінің денсаулық сақтау ұйымдары көрсете алмайтын медициналық көмекті

Төретам және Ақай кенттерінің денсаулық сақтау және жедел медициналық жәрдем үйымдарының жолдамалары бойынша Ресей тарапының уәкілетті органы, федералдық денсаулық сақтау үйымдары мен олардың бөлімшелері көрсетеді.

Осы тармақта көзделген көрсетілетін медициналық қызметтерге ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде Қазақстан Республикасының бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

4. Байқоңыр қаласының аумағында жедел медициналық көмек азаматтығына, тұратын жеріне және жұмыс орнына қарамастан, барлық санаттағы адамдарға Ресей Федерациясының заңнамасына және осы келісімге сәйкес тегін және шұғыл түрде көрсетіледі.

## **5-бап**

Тараптардың уәкілетті органдары Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің халқына медициналық көмек көрсетуді жетілдіру және санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелерін Тараптар мемлекеттерінің халық денсаулығын сақтау жөніндегі өңірлік бағдарламаларына енгізу үшін шаралар қабылдайды.

## **6-бап**

Тараптардың уәкілетті органдары "Байқоңыр" кешенінің, Төретам және Ақай кенттерінің аумағындағы халықтың денсаулығын сақтау мен санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында өзара іс-қимыл жасауды, ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

## **7-бап**

Тараптардың уәкілетті органдары "Байқоңыр" кешенінің аумағында және оған іргелес аумақтарда туындаған төтенше жағдайлар, аса қауіпті жүқпалы аурулар жағдайлары, табиғи-ошақты инфекциялар бойынша эпизоотикалық жағдайдың өршиі туралы бірін-бірі хабардар етеді және төтенше жағдайлардың салдары мен жүқпалы аурулардың ошақтарын жою үшін қажетті медициналық көмек көрсету және санитарлық-эпидемияға қарсы (алдын алу) іс-шараларды өткізу кезінде өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

## **8-бап**

Тараптардың уәкілетті органдары Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің денсаулық сақтау үйымдарын кадрлармен қамтамасыз етуге ықпал етеді,

Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының тиісті бейіндегі білім беру мекемелеріндегі медицина кадрларының біліктілігін арттыруға қажетті көмек көрсетеді

## **9-бап**

Тараптардың уәкілетті органдары Байқоңыр қаласындағы, Төретам және Ақай кенттеріндегі жаңадан құрылған және таратылған жұмыс істеп тұрған деңсаулық сақтау үйімдары туралы бірін-бірі хабардар етеді

## **10-бап**

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Тараптар арасындағы осы Келісімді орындауға немесе түсіндіруге байланысты даулар Тараптардың уәкілетті органдарының келіссөздері арқылы шешіледі.

## **11-бап**

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу мерзіміне жа с а л а д ы .

\_\_\_\_\_ қаласында 2009 жылғы \_\_\_\_\_ әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің де бірдей күші бар. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін қолданылады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының*

*Үкіметі үшін*